



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

**№ 14 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2008 ЖЫЛҒЫ 23 СӘУІР**

Қаржылық тұрақтылық мәселелері бойынша
дөңгелек үстел өткізу туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚРҰБ) 2008 жылғы 18 сәуірде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 15 жылдығына арналған, Қаржылық тұрақтылық мәселелері бойынша дөңгелек үстел өткізді.

Дөңгелек үстелдің мақсаты Қазақстанның қаржы жүйесінің тұрақтылығы үшін негізгі қауіптер мен тәуекелдер факторларын қарау және талқылау, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудің неғұрлым тиімді үлгісіне қол жеткізу жөніндегі саясатты жетілдірудің бағыттарын айқындау болды.

Іс-шараға ҚРҰБ, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – ҚҚА), Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының, екінші деңгейдегі банктердің өкілдері, Оксфорд Университетінің сарапшылары қатысты.

Дөңгелек үстелге қатысушылардың осы мәселелерге қатысты ҚРҰБ және ҚҚА ұстанымдарымен, сондай-ақ халықаралық сарапшылардың Ұлттық Банк пен Оксфорд Университетінің қарқынды даму және одан кейін құлдырау кезеңдеріндегі басқару бойынша бірлескен жобасының шеңберіндегі негізгі қорытындыларымен танысуға мүмкіндігі болды.

Талқылау барысында екінші деңгейдегі банктердің өкілдері банктік қызмет көрсету нарығындағы қалыптасқан ахуал, реттеушілер қолданып отырған шаралар туралы ой білдіре отырып, экономиканың нақты секторын қаржыландыруға, оның ішінде даму институттарының тетіктерін пайдалану арқылы қолдау көрсету саясатына баса көңіл бөлінуі қажет екендігін айтты.

Сондай-ақ шақырылған сарапшылар қатаң ақша-кредит және фискальды саясат жүргізген жағдайда транспаренттілік пен акционерлердің тәуекелдерді бөлу қағидаттарына негізделген қаржы секторына және тұтастай алғанда экономикаға мемлекеттік қолдау көрсету қажеттігін айтты. Сонымен қатар реттеудің неғұрлым тиімді саясатын әзірлеу мақсатында экономикалық, әлеуметтік және саяси сипаттағы салдарларды бағалаумен қатар жүретін, мемлекет қолданатын реттеу шараларының әсер етуіне талдау жүргізудің маңыздылығы атап көрсетілді.